

Мұсатаев С.Ш.
«Нұрлы жол» және ұлт саясаты

Мақалада зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып: ұлт, этнос, халық, этникалық топ, диаспора, ұлыс сияқты ұғымдарға сондай-ақ, этносаяси қауымдастық, ұлттық мүдде туралы тұжырымдамалар саясаттанулық тұрғыда талданады. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа Жолдауында көтеріліп отырған мақсат-міндеттерді жүзеге асырудағы ұлттық бірліктің маңызы сараланады. Қазақстандағы қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық дамудың басты шарттары ретінде қарастырылады. Жұмыста стратегиялық маңызы бар жоспарларды жүзеге асыру мен ұлттық мүддені қорғау үшін жалпы ұлттық іс-әрекеттің қажеттігі, ел халқының этносаяси қауымдастық ретінде бірлестікке айналуы маңызды екендігі көрсетіледі.

Түйін сөздер: этносаясат, мемлекеттілік, ұлттық мүдде, ұлт, диаспора, «Нұрлы жол», Елбасы, демократия, қоғамдық татулық, саяси тұрақтылық, ұлт тағдыры.

Musataev S.Sh.
«Nurly Jol» and national policy

In the article the political analysis of concepts such as nationality, ethnicity, nation, ethnic group, diaspora, nationality, as well as the different concepts of ethno-political community and national interests. The importance of national unity in achieving the goals and targets set out in the letter Elbasy NA Nazarbayev «Nurly Jol – way of the future.» Social cohesion and political stability in Kazakhstan is considered as the main factors of development. The paper is also proved by the fact that the conversion of the people of the country into a single ethno-political community and national actions are zologom successful implementation of strategic plans and the protection of national interests.

Key words: ethnic policies, state, national interest, nation, diaspora, «Nurly Jol» Elbasy, democracy, social harmony, political stability, the fate of the nation.

Мұсатаев С.Ш.
«Нұрлы Жол»
и национальная политика

В статье проведен политологический анализ таких понятий, как национальность, этнос, народ, этническая группа, диаспора, народность, а также разных концепций о этнополитических общностях и национальных интересах. Показана важность общенационального единства в реализации целей и задач, поставленных в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева «Нұрлы Жол – путь в будущее». Общественное согласие и политическая стабильность в Казахстане рассматриваются как основные для развития страны. В работе также доказывается факт о том, что превращение народа страны в единое этнополитическое сообщество и общенародное действие является зологом успешной реализации стратегических планов и защищенности национальных интересов.

Ключевые слова: этнополитика, государственность, национальный интерес, нация, диаспора, «Нұрлы Жол», Елбасы, демократия, общественное согласие, политическая стабильность, судьба нации.

**«НҰРЛЫ ЖОЛ»
ЖӘНЕ ҰЛТ САЯСАТЫ**

Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдық мерейтойын Қазақстан егеменді ел ретінде, тәуелсіз, құқықты, демократиялық мемлекет түрінде қарсы алып отыр. Нарықтық қатынастардың қоғам өміріне тереңдеп енді, еркін жұмыс күші мен меншіктің көптүрлілігі сияқты факторлар әлеуметтік-экономикалық өмірімізде тың өзгерістер туғызса, саяси сала азаматтық қоғам институттарының іргесі қалануы, сөз бостандығы, ой-пікірлердің сан-алуандығы сияқты жаңа құндылықтармен ерекшеленіп отыр. Ең басты да маңызды ерекшелік – Қазақстан егемендігінің өзіндік күрделі этносаяси әрі құқықтық табиғаты бар. Бұл – мемлекеттің негізін құраушы төл ұлт – қазақтарды ұлттық бастауы мен дәстүрлеріне қайта оралтатын ұлттық егемендігі, Қазақ елінің біртұтас халқының этносаяси бірлестігі болып табылады. Қазақстан Республикасының осындай күрделі этносаяси құрылымына зерттеуші Әбсаттаров Р.Б. төмендегідей ғылыми анықтама береді: «Қазақстан Республикасының этносаяси құрылымы дегеніміз – ұлтаралық қатынастың және бірыңғай (унитарный) мемлекеттің көп ұлтты құрамын құраушы дос пейілді ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың өкілдері арасындағы қатынастардың жиынтығы мен әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың дамуын ұйымдастыру жолдары болып табылады» [1].

Осы жерде тақырыптың зерттеу мәселесіне тереңдемей тұрып, еліміздің құрамындағы ұлттар мен ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың кімдер екенін анықтап, ара-жіктерін ашып алу қажеттілігі туындайды. Оған қоса, бұл ұғымдар осы ғылыми зерттеу жұмысындағы зерттеу нысанының маңызды құрамдас бөлшектері болғандықтан да, олардың басын ашып алғанымыз алда талай мәселенің мазмұнын ашуға септігін тигізері сөзсіз. Біз бұл тұрғыда алыс-жақын шет елдік зерттеушілердің ебектеріндегі «ұлт», «ұлыс», «ұлттық және этникалық топтар» ұғымдарына берілген анықтамаларды негізге ала отырып, мәселенің мәнін ашуға тырыстық. Зерттеушілердің көзқарастарындағы негізгі ойлар мынаған келіп саяды: ұлт дегеніміз – тарихи ұзақ кезең барысында тайпалар, рулар мен тайпалық одақтардың, нәсілдердің бірігуі мен «араласуының нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік-этникалық бірліктің ерекше дамыған түрі. Мұндай әлеметтік-

этникалық бірлік экономикалық байланыстар, территория, тіл, діл (менталитет), мемлекет сияқты белгілердің ортақтығы негізінде туындайды. Ал қазақ ұлтын қалыптастырушы, этножасаушы белгілеріне келетін болсақ, шешуші белгілер ретінде – ортақ территорияның, ортақ мемлекеттің, ортақ тіл, ортақ салт-дәстүрлер мен діл, дін, ортақ психологиялық ерекшелік және ортақ этногенетикалық тектің болуын айтуымызға болады.

Алайда, әлемдік этностардың қалыптасу процесі өте күрделі екендігін ескерсек, олардың қалыптасып дамуы да әр қилы: жер шарындағы екі мыңнан астам ірілі-ұсақты этностардың әрқайсысы өзін жеке этнос ретінде сезінуі мен ұлттық сана сезімінің (национальная самоидентификация и национальное самосознание) оянуы біркелкі емес. Сондықтан барлық этностардың ұлттық белгілерін айқындайтын ортақ жүйені жасау ақиқаттан алшақ жатқан іс. Мысалы, И.В. Сталин 1913 жылғы «Марксизм және ұлт мәселесі» деген еңбегінде ұлтқа: «...тілдің, территорияның, экономикалық өмір ортақтығы мен психологиялық ұқсастықтың, мәдениеттің бірегейлігі негізінде тарихи қалыптасқан адамдар бірлігі» – деп анықтама беріп, «бұл белгілердің бірі жоқ болса ұлт ұлт болудан қалады» – деген тұжырымы Кеңес Одағында ұлт мәселесін шешу моделінің негізін салған еді [2].

Бірақ бұл қағида мәселеге бір жақты ғана қарағандығы байқалады, өйткені, кейбір этностар қалыптасуында ортақ экономика, ортақ мемлекет болуы шешуші роль атқарса, екінші бір этностың өмірге келуінде ортақ тағдыр, ортақ тіл, ортақ психология шешуші рөлге ие. Ал үшінші бір этностың миллиондаған адамдар топтарын жаңа жер, өмір сүру кеңістігін іздеу барысында қалыптасуы және бар. Олай болса, «этнос», «ұлт» деген ұғымдарға анықтама беруде олардың қалыптасуы мен өмір сүру үлгісінің әр-алуандылығына байланысты сан алуан теориялық-әдістемелік қағидалардың болуы да заңды құбылыс.

Қазіргі ғылымда ұлтты анықтаудың француздық және немістік моделдері кең танымал болып отыр: француз моделінде – ұлт «отандастар» ретінде, ал неміс моделінде – ұлт діл, мәдениет, тіл т.б. ерекшеліктермен анықталады. Кеңестік дәуірдегі ғылымда басым болған ұлт белгілері: ортақ шаруашылық, ортақ территория, ортақ мемлекет қандай маңызды болғанымен, әлемдегі барлық ұлттардың қалыптасуындағы міндетті, әмбебап белгі емес. Этножасаушы белгілер әрбір ұлттың тарихи тағдырына бай-

ланысты әр-түрлі болуы – табиғи заңдылық. Демек, әр бір этностың қалыптасуы барысында этножасаушы белгілердің барлығының да болуы міндетті емес. Көптеген ірілі-ұсақты этностардың қалыптасуында этножасаушы белгілердің түгелдей болмайтындығын әлемдік тәжірибе әлдеқашан дәлелдеді.

Мәселен, өздерінің біртұтас территориясы, мемлекеті мен экономикасы жоқ, түрлі елдердің құрамында шашыраңқы отырған күрдтер, сығандар, дұнғандар, гагауздар сияқты басқа да өздерін белгілі бір ұлт өкіліміз деп есептейтін халықтар бұған тағы бір дәлел. Бұлар – ортақ тіл, мәдениеттерінің ерекшеліктері ұқсас, ділі мен психологиялары тамырлас түрлі тайпалар мен тайпалық одақтардың араласуы барысында қалыптасқан адамдардың тарихи әлеуметтік-этникалық қауымдастығы – ұлыстарды құрайды. Ұлт пен ұлыстың негізгі айырмашылығы осында.

Ал этникалық және ұлттық топ ұғымдарына кейбір зерттеушілердің еңбектерінде төмендегідей дәйекті анықтамалар берілген: этникалық топ – «...тілі, ділі мен психологиясы, ортақ тарихы мен шығу тегінің тамыры бір екенін білдіретін ұлттық сана-сезім, мәдениет, әдет-ғұрып, тұрмыс жайы сияқты өткеннің этнографиялық мұрасы ретіндегі ортақ ерекшелік белгілері бар, әлеуметтік бірлік негізінде өзара бірлескен, этностың бір бөлшегі болып саналатын, олармен әлсіз байланыстағы адамдар бірлігі» [3]. Әдетте, күнделікті өмірден славяндық этникалық топтар, англосаксондық этникалық топтар сияқты т.б. сөз тіркестерін жиі кездестіреміз.

Ал ұлттық топтар белгілі бір мемлекетте байырғы емес, кіріккен ұлт болып саналатын, шығу тегі, тілі мен мәдениеті бойынша өздерінің негізгі этносымен туыстас адамдар қауымы болып табылады. Ұлттық топтардың өзінің байырғы жұртымен әлеуметтік байланысы әлсіз, кейде кездейсоқтық мәнде. Олардың жалпы байланысы – басты ұлттық ерекшеліктерінің ортақтығында. Ұлттық топтарға Қазақстанға кіріккен басқа ұлт өкілдерін – қазақстандық орыстарды, немістерді, украиндарды, өзбектерді т.б. диаспораларды жатқызамыз.

С.С. Сартаевтың көрсетуінше, «Қазақстандағы ұлттық процесстердегі шындыққа келсек, елдің тарихи Отанында бір ұлт, бір халық бар. Ол – қазақ этносы. Ал республикадағы басқа ұлттар мен ұлыстар өкілдері басқа жерде тарихи Отандары бар Қазақстандағы диаспоралар, ирриденталар. Қазақстан орыстарын, өзбектерін тағы басқаларын «Қазақстандағы орыс диаспорасы», «Қазақстандағы неміс диаспорасы» т.с.с.

ұғымдармен атау дұрыс. Қазақстандағы орыс халқы, өзбек халқы, неміс халқы т.с.с. деген ұғымдар негізсіз. Себебі, елдегі диаспоралардың төл тарихи отандары бар. Ресей – Қазақстан орыстарының тарихи отаны, Өзбекстан – Қазақстан өзбектерінің тарихи отаны т.с.с. Отанынан шашырап кеткен халықтың бөліктері диаспораға айналады. Осы секілді қазақ халқының да диаспоралары жер шарының 40-қа жуық мемлекетін мекен етуде» [4].

Бұл дегеніміз – миллиондаған қазақ ағайындарымыз тарихи Отанына тысқары жерлерде өмір сүріп жатыр деген сөз. Бірақта олар өз этногенетикалық тегін, тілін, ділін, дінін сақтай отырып, бір жағынан, қазақ ұлтының өкілі; екінші жағынан, өзі тұратын белгілі бір шет мемлекетінің тең құқықты азаматтары.

Сәйкесінше, «қазақстан халықтары», «қазақстандықтар», «Қазақстан тұрғындары» сияқты полиэтноәлеуметтік қауымдастыққа қатысты ұғымдарды «қазақ ұлты», «қазақ этносы» ұғымдарымен шатастыруға болмайды. Олай болған жағдайда «...қазақ этносын көтеру, оны сақтау, ұлттық мұраттарды айшықтау мәселелері жалпы-мемлекеттік мәселелер қатарында тұншығады», – деген саясаттанушы С.М. Борбасовтың пікіріне толық қосылуымызға болады [5].

Осы жерде мынадай қорытынды туындайды: қазақ халқына қатысты «этнос» және «ұлт» деген ұғымдарды қолдануға әбден болады. Бұл деңгейлердің ерекшелігі – этногенетикалық тегінің, дәстүр-салты мен рухани мәдениетінің ортақтығы жағынан қазақ халқы этнос, ал ортақ территориясы, ортақ шаруашылығы, өзіндік мемлекеттілігі болуы қазақ этносын ұлт деңгейіне көтереді.

Оның мәнісі былай: «этнос» ұғымы гректың «ethnos» – «халық, тайпа» деген түсінікті білдіретін сөзі. «Этнос» терминін екі мағынада түсінген абзал: біріншіден, этникос; екіншіден, этноәлеуметтік организм ретінде.

Бір этникосқа өз елінің ауқымынан тыс жерлерде тіршілік етуші сол этностың барлық топтары жатады. Мысалы, Түркиядағы, Қытайдағы, Ирандағы, Германиядағы және әлемдегі басқа да елдердегі шашырап жатқан қазақтар біртұтас этникос құрайды.

Ал этноәлеуметтік организм міндетті түрде ұлттық мемлекеттілікпен үзілмес бірлікте. Мысалы, қазақы этноәлеуметтік организмге міндетті түрде тек Қазақстан Республикасында тұратын қазақтар ғана жатады [6].

Этнос белгілі бір территорияны мекен етуші, өздеріне тән сапалық өзгешеліктерге, жалпы

тұрақты тұрқы мен мәдени ерекшеліктеріне ие, өздерінің бірлігін, өз тұтастықтарын сезінуші және басқа да осы сияқты құрылған бірлестіктерден ерекшелейтін – тілі, ұлттық мәдениеті, дәстүрі, әдет-ғұрып, мінез-құлық үлгілері т.б. бар адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты тобы, күрделі қоғамдық-тұтас жүйесі.

Этнос үш даму типіне бөлінеді: тайпа, ұлыс, ұлт. Ру тайпалық байланыстар, алғашқы қауымдық құрылыстың эволюциялық дами келе, көптеген тайпалардың мүдделері мен мақсаттарының ортақтық сипатына орай, олардың белгілі бір территорияға ұйысып, соның шеңберінде тайпалық одақтар құруына ұласты. Бұл одақтар мен бірлестіктердің құрылуы өз кезегінде тайпааралық шаруа-экономикалық байланыстардың дамуына, тайпалардың бірте-бірте қосылуына, тұтасуына, қандық-туыстық байланыстардың орнына территориялық байланыстар келуіне ықпал етті. Осыған байланысты ұлыс тек тайпалардың одағы мен бірлестігі ғана емес, тайпалар бірігуі нәтижесінде өздерінің даралық ерекшеліктерін жоғалтатын, олардың жері ортақ территорияға айналып, соның негізінде экономикалық байланыстар жүзеге асатын, және біріккен тайпалардың барша халқы мемлекет көмегімен ортақ басқаруға бағынатын бірлестікке айналады. Бұған мысал ретінде ежелгі орыс княздықтарының ұлыстарын, алғашқы Қазақ хандығына Жәнібек пен Керей хан бастауымен біріккен қазақ ру-тайпаларын жатқызуымызға болады.

Осылайша, ұлыс – өзінің ортақ территориясы, тілі, экономикалық өмірі, мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатын, тайпалардың араласуы мен тайпалық одақтар, бірлестіктердің құрылу процесінде тарихи қалыптасатын адамдардың әлеуметтік-этникалық қауымдастығы. Оның ұлттан айырмашылығы жоғарыда айтып өткеніміздей, әлеуметтік-экономикалық байланыстардың, және оның негізінде жатқан басты шарттардың даму дәрежесі мен деңгейінде. Яғни, ұлт түрлі тайпалар мен ұлыстарға, түрлі этникалық және расалық типтерге жататын адамдардан құралады. Мысалы, неміс ұлты фриздер, готтар, ботавалар, англдар, вандалдар, баварлар, бургундар, гауттар, кельттер, франктар, сакстар сияқты тағы да басқа көптеген түрлі антропологиялық және расалық типтерге жататын тайпалар мен ұлыстардан құралған.

Мұндай көріністі әлемдегі әр бір ұлттың қалыптасу процесінен байқауымызға болады. Сол сияқты қазақ ұлты да түрлі этникалық және расалық типтерге жататын жүзден аса

ру-тайпалар мен ұлыстар негізінде құрылып, қалыптасты. Қазақ этносының ұлттық мемлекеті КСРО құрамында да ресми мойындалды. Ал XX ғасыр соңында қазақ халқы өзін-өзі билейтін қазақ ұлтының мемлекеттілігі ретінде – Қазақстан республикасын құрып, егеменді ел ретінде әлемге танымал болып отыр.

Этнос пен ұлт деңгейлері үшін жоғарыда айтылған факторлармен қоса, сондай-ақ, халықта өзінің халықтығын, арын, абыройын, қолда барын (кең мағынада – жерін, елін, малын, қазынасын т.б.) қорғай да, сақтай да, қастерлей де білуге жетелейтін, мәжбүр ететін, көмектесетін рух та, намыс та, мерей де, мыс та болуы шарт.

Сонымен мәселенің ақ-қарасын ашып, Қазақстанның тарихи қожайыны – қазақ халқы, ал басқа ұлттар мен ұлыстардың кіріккен өкілдері Қазақстанды Отаным деп есептейтін, оның тең құқықты азаматтары екендігін, олардың қазақ этносымен тыныс-тіршілігі тағдырлас республика тұрғындары екенін анықтадық. Бұлардың барлығы да ұлттық процесстердегі өзара қатынасқа түсуші субъектілер болып табылады. Бұл қатынас ұлтаралық және этникааралық сипатта жүреді: ұлттық қатынастар – жеке мемлекет шеңберінен шығып, мемлекетаралық қатынастарға араласып, жекелеген ұлттардың әлемнің басқа ұлттарымен ара-қатынасын көрсететін ауқымы кең деңгей. Ал этникааралық қатынастың ауқымы тар – ол көпұлтты мемлекет шеңберіндегі түрлі этникалық топтардың өзара қарым-қатынасын көрсетеді.

Бұл жер шарының барлық мемлекеттеріне тән әлемдік мәндегі құбылыс болғандықтан, кез келген көпұлтты мемлекет үшін басты міндеттердің бірі – осы бір «қиын түйінді» шешу болып табылады. Тұрасын айтқанда, азаматтарының басы ортақ ерік пен мақсат-мұраттарға бірікпеген мемлекеттің өмір сүру мүмкіндігі неғайбыл.

Кезінде ежелгі Рим ойшылы Саллюстий: «Келісім болса, болмас істің өзі көркейіп өседі, келісімшілік жоқ жерде ең ұлы істер опат болады», – деген екен. Сондықтан да Президентіміз көрсеткендей, көп ұлтты халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен мүдделерінің серпінді тепе-теңдігі Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму процесін әрқашан да айқындайтын болады. Осыны айқын сезіне отырып, Қазақстанның гүлденуі үшін республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасалуы тиіс.

Қазақ халқының әуелден-ақ басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдерімен ынтымақтық пен

татулықта тұра білегін дәстүрлі салиқалығына, олардың табиғи кеңпейілділігі мен көршілерінің мүддесіне терең құрмет көрсететіндігіне сүйене отырып бұл мақсатқа жетуімізге толық мүмкіндігіміз бар. Қазақстанда өмір сүретін басқа да халықтар тарапынан қазақ ұлтының қайта өрлеуіне деген табиғи ұмтылысына кеңпейілділік пен түсіністік республикадағы татулық пен достықтың іргетасына айналады.

Ұлт мемлекеттіліксіз өмір сүре алмайтынын ескерсек, қазақстандықтар ішінде қазақ ұлтының тарихи орны ерекше, себебі, қазақтар мемлекет құрушы ұлт. Мемлекет – Қазақстан деп аталады, яғни, «қазақтар елі», демек, енді мемлекет құрушы ұлт осы елдегі өзге этностар тағдыры туралы өздеріне саяси жауапкершілік алуы шарт. Олай болмаса, мемлекет ішінде этностық коллизиялар бола бермек. Мемлекет бірлігіне жауапты ұлт, соны құраушы ұлт, демек, оның тарихи жауапкершілігі де ерекше. Сондықтан қай ұлтқа жататынына қарамастан, барлығы үшін даму мүмкіндіктерінің бірдей болуы мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы республикадағы байырғы ұлт – қазақтардың мүддесі жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде орын алып отырғанындай, ерекше бөліп айтылатыны да әбден орынды.

Этностың мемлекет құруға қабілеті ең алдымен оның басқа ұлттың өкілдерімен ынтымақтағұмыр кешу, республикада тұратындардың барлығы Қазақстанды өз Отаны деп есептеуі үшін қажетті ахуалды ұстау ниеті мен қабілетінен байқалады. Басқадай айқындама тығырыққа әкелері анық, және жоғарыда айтылғандардан қазақ ұлтының республика халқын топтастырушы, мемлекет құрушылық миссиясы көрініс табады. Бұл миссиядағы келесі бір маңызды мәселе – сол мемлекет құраушы, ел халқын топтастырушы ұлттың тұтастығы.

Қазақ ұлтына тән ерекшеліктердің бірі – атам қазақтың үш жүзге (Ұлы-Орта-Кіші), әр жүздің ондаған ру-тайпаға бөлінетіндігі. Бәріміз де «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген аталы сөзді құлағымызға құйып өскен азаматтармыз. Мұндай заңдылық (экзогамия) жақын адамдардың қан араластырмауына ықпал ететінін, ол өз кезегінде, сау да саналы ұрпақ жалғасуына көмектесетінін қазіргі медицина ғылымы да дәлелдеп отыр.

Мәселенің қиын жері сол, «алтау ала болса, ауыздағы кетедінің» кері келіп, тарихта жүзге, руға жіктелу көп опық жегізгендігінде. Өткенімізге үңілсек, рулық-тайпалық идентификация өзінің жақсы жақтарымен қоса, кемшілікті тұстарымен де мен-мұңдалап көзге

түседі. Ол көбінесе ру мен ру, тайпа мен тайпа, жүз бен жүз арасындағы мүдделік теке-тірес пен ірілі-ұсақты жанжалдардың қайнар көзі болып, ұлттық мемлекеттіліктің тамырына балта шабушы бірден-бір себепке айналып отырған. Бұл бүгінгі күнгі рулық-тайпалық идеологияның жандануы тәуелсіз жас Қазақстанның нығаюына кері әсер етіп, оның ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді деген сөз. Сондықтан Н.Ә. Назарбаев қазақ ұлты, оның озық ойлы азаматтары «...біздің тарихымыздың рулық мәселелеріне көңіл аударғанда, одан туындау мүмкіндігі бар жағымсыз зардаптарды нақты бағалай білуі тиіс» деп көрсетеді [7].

Мемлекет құрушы этностың иығымен көтеретін міндеті күрделі әрі көп астарлы: мұнда сол ұлттың ішкі тұтастығы; жеке адамдар қатынасы, яғни, этносаяси қауымдастық ішіндегі түрлі ұлт өкілдері арасындағы; ұлтаралық деңгейде – ұлттар, ұлыстар мен этникалық топтар арасындағы; халықаралық дәрежеде – егеменді мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас мәселелері біте қайнасып жатыр. Саясаттанушы әріптесіміз Н.В. Романова мұндай күрделі процесстің өзара байланысты үш деңгейін көрсетеді: біріншіден, Қазақстандағы этностардың ішкі өзгерістерге ұшырап, модернизациялану бағытында болуы; екіншіден, республикадағы ұлтаралық, әсіресе үлес салмағы басым орыс-қазақ қатынастарының үйлесуі; үшіншіден, сыртқы күштердің Қазақстандағы ұлтаралық жағдайды тұрақтандыруға, немесе тұрақсыздандыруға ықпал етуі [8].

Басқаша айтқанда, ішкі факторлармен үйлесімділік табумен қатар, сыртқы қоршаған әлемге сай ыңғайлану, халықаралық деңгейдегі «ойын ережелерін» тез де ұғымды түсініп, нақты қадам жасай білу қабілеті мемлекет құрушы этнос үшін тағы да бір сынақ. Қазақстандық ұлт саясатының негізінде жатқан дамыған жеке меншікті, азаматтық қоғамды, парламентаризмнің тұрақты дәстүрлерімен суарылған демократиялық принциптер мың құбылып өзгеріп, күннен күнге дамып жатқан әлемдік жаһандану (глобализация) ағымына бейімделмейінше болашағы бұлыңғыр елге айналмақ. Бұл сондай-ақ, республика модернизациялануының да басты шарты: модернизацияны сөзбе-сөз түсіндірсек те, «заман талабына сай жаңалану, қандай да бір болмасын нәрсені қазіргі заманғы нормаларға, бағамдарға (стандарттарға) сәйкестендіру болып табылады» [9].

Ең бастысы мұндай даму мемлекеттің өзіндік өркениетті-мәдени деңгейінде жүруі тиіс. Бұл

әсіресе реформалану кезеңі толық аяқталмаған Қазақстан секілді мемлекет үшін аса маңызды: қоғамның өтпелі күй кешіп отырған сәтіндегі әлемдік экономикалық жүйеге кіру, ақпараттық алмасудың тереңдеуі, шетелдік бұқаралық арзан-қол мәдениеттің жаппай таралуы тасасында елдің өзіне тән жекелік ерекше сапалары жойылып кету қаупі де жоғары. Модернизациялану ішкі ерекшеліктерді есепке алмай, таза күйінде еуропалық немесе американдық үлгіде жүрсе, оның зардаптары күштеп ұжымдастыру зардаптарынан асып түспек. Ел Президенті осыған байланысты аймақтың дәстүрлі институттарына, этномәдени ерекшеліктеріне, саяси тарихына, мемлекеттің геосаяси, геоэкономикалық, геомәдени құрылымдарының шынайы жай-күйіне сай бейімделген модернизациялану (курс адаптированной модернизации) бағытын ұсынды [10].

Ұлттық қатынастар процесіндегі модернизациялану жаңа этникалық рөлдердің, ұлттық институттар мен ұйымдардың туындауымен ерекшеленеді, яғни, модернизация ұлттың жаңаша бейімделу үрдісіне сай келетін жаңа институттар мен құрылымдардың, ұйымдардың қалыптасуына жағдай жасап отыр. Соның негізінде қазақ ұлты өз тарихында алғаш рет ұлттық экономикасын, өзіндік ішкі-сыртқы саясатын жүргізіп, қорғаныс кешені, өзінің дербес саяси элитасы мен ұлттық қауіпсіздік органдары сияқты құрылымдар құру мен мемлекет құраушы этнос ретінде ұлттық мемлекеттегі басты рөлге ие болып отыр. Қазақы ұлттық мемлекеттің саяси рәміздері (символ) мен өзіндік жаңа құндылықтар жүйесі қалыптасты.

Осындай ұлы модернизацияға алғышарт болған тоталитарлы жүйенің ыдырауы, күштеп таңылған «кеңес ұлты» айдарынан арылу, өз кезегінде Қазақстан халықтарын мәдени-рухани және саяси-қоғамдық келісіммен жалпыға ортақ идеяның астына топтасу мәселесін де бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің қатарына қойып отыр. Бұл жерде мәселе тек әр ұлттың өз дініне, белгілі бір мәдениеті мен ана тіліне, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық идеясы мен өмір салтына бүйрегі бұрып, іш тартып тұратындығында ғана болып отырған жоқ. Мұндай ерекшеліктермен, яғни, ұлттардың өмір салты мен ұлттық әдет-ғұрып, неше алуан дәстүрлерімен қанша сыңаржак болса да тоталитарлы жүйенің өзі есептескен болатын.

Ал қазіргі жағдайдағы мәселе Қазақстан Республикасының мүдделерін тек бір ғана қазақ ұлтының мүддесімен ғана ортақтастыруға

болмайтындығында болып отыр. Елбасымыздың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа жолдауында жоспарланып отырған мақсат-міндеттерді іске асыру елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімге тікелей байланысты деп ерекше атап көрсетті [11]. Әрбір қазақстандық азамат осы ақиқатты саналы түрде ұғынса ғана жұмылған жұдырықтай болып, «Біз – Қазақстан азаматымыз, қазақстандық халықпыз» деп, бірігіп іс-қимыл жасайды, бейбіт елде бірге өсіп-өнеді. Мемлекет халқының идентификациясы дұрыс болса ғана қоғамдық келісім орнап, саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Яғни, ел азаматтары шығу тектерінің қандай екеніне қарамастан (ұлты, діні, жынысы, әлеуметтік жағдайы т.б.) өздерінің тағдырларын тұрып жатқан мемлекет пен сол мемлекеттің негізін қалап отырған төл (титұлды) ұлттың тағдырымен тікелей байланыстырып, азаматтық сана-сезіммен өзін өзі айқындауы тиіс. Республиканың көпұлтты құрамы мен ұлттық-мәдени ошақтарының көптүрлілігі қоғамдық келісімге қол жеткізуді, ұлттық азшылықтардың тең құқықтылығын қамтамасыз етуді, билікке теңдей қатысуға мүмкіндік туғызуды талап етіп отыр. Ұлттың даналығы да, саясаттың икемділігі мен халықтың күштілігі де сонда, өз бауырлары тұрмақ, басқалардың өзін жақындатып, мемлекеттің тайқазанында балқытып, ешкімді бөтенсітпей, сіңіріп алуында.

Бұл тұрғыда республика халқының басым бөлігін құраушы қазақ этносы қазақы мәдениет пен рухани құндылықтар жүйесі әзірге елді жалпылама қамтушы әрі абсолютті келісімпаздық сипатта бола алмайтындығын сезініп, мойындайды. Қазақ этносы – елдің саяси тұтастығы мен бірлігінің өзегі, алайда тұтастық пен бірлік мүдделер мен пікірлердің анағұрлым кең ортақтағы арқылы ғана баянды болмақ. Жоғарыда айтып өткеніміздей, географиялық жақындастық өз кезегінде тарих пен халықтардың тағдырын да жақындастырады. Ал тағдырлас жақындастық ортақ мүдде, ортақ мақсат бар жерде одан әрі тереңдей түседі. Мақсаттың ортақ болмауы керісінше, жүз жерден географиялық жақын болса да жауласу мен жанжал отын жағады. Адамзат дамуының тарихи тәжірибесінде сан мәрте дәлелденгендей, адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жақындастырушы күш – мақсат пен мүдденің ортақтығы, бірлігі.

Сол сияқты Қазақстан Республикасы үшін де дамудың күшті қозғаушы күші әрбір басқан қадамды салмақтап, байсалдылықпен бағам-

дайтын жалпыхалықтық мақсат, жалпыұлттық мүдде болып табылады. Біздің пайымдауымызша, оның жалпы мәні төмендегідей:

Қазақстан Республикасының өз егемендігін нығайтып, сақтап және әлемдік қауымдастыққа мүше мемлекеттерімен тең құқықты әрі өзара тиімді экономикалық, саяси, мәдени және қарапайым ғана адами байланыстар жасау бағытынан ауытқымай алға қарай ұмтылып, дамуы;

нарықты экономикаға көшу реформасын табысты аяқтап, республиканың тығырықтан шығып, өркендеп көркеюі;

Қазақстанда тұратын барша халықтардың тең құқықтылығы қамтамасыз етіліп, олардың өзіндік мәдени құндылықтарын, тілін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын дамыту арқылы ұлттық айшықтарын жүзеге асыруына еркін мүмкіндік болуы;

республикадағы барша халықтың биліктің түрлі деңгейлерінде өкілеттілігі болуы;

адамды жеке тұлға ретінде танып, оның расалық, этникалық немесе діни ерекшеліктері бөлініп-жарылмай, шеттетпеу негізінде сапалық жаңаша ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру мен дамыту;

жалпыұлттық мәнге ие «Қазақстан-2050» стратегиялық даму бағдарламасын, «Нұрлы жол» жолдауын, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру.

Бұл аталғандардың барлығы бүгінгі Қазақстан үшін өзекті және басқадай баламасы жоқ өткір қажеттілік екені айдан анық, олар өз кезегінде елдің ынтымағының артып, күшеюатының шарықтауына, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани, демократиялық дамуына қатысты жүргізетін саясатының тиімділігіне, саясат субъектілері болып табылатын, қоғамның түрлі қабаттары мен топтары арасында әлеуметтік серіктестік орнауына қажетті алғышарт болып табылады.

Біз бұл тұрғыда Қазақстан өзінің қоғамдық-саяси тұрақтылығы мен келешекке деген нық сенімі арнасында мұндай жалпыұлттық идеяны қалыптастырып, жүзеге асыра алады және де соның нәтижесінде өркениетті мемлекет ретінде өз дамуының шарықтау шегіне көтеріледі деген сенімдеміз.

Елбасымыздың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа жолдауының бұрынғы жолдауларға қарағанда ерекшелігі көп: біріншіден, әдеттегідей, қыс айларында емес, қара күзгі қарашада, үйреншікті мерзімнен бұрын жарияланды. Екіншіден, жаңа жолдауда нақты іс-әрекет жасауға баса назар аударылған,

яғни, «Нұрлы жол» бүкіл әлемді дендеген дағдарыстың әсерінен болатын зардаптарға төтеп беруге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтитын жалпыұлттық даму жоспарына айналып отыр. Үшіншіден, жаңа жолдаудың алдыға қойып отырған мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға Ұлттық қордан қыруар қаржы бөлінуі. Биыл жыл басында ел экономикасын қолдауға 1 триллион теңге бөлініп, оның жартысы бірінші траншпен қажетке жаратылғаны белгілі. Жолдауда осы қаржының қалған бөлігі, яғни, 500 млрд. теңге мынадай маңызды бес бағытқа жұмсалатыны көрсетілді: 1) шағын және орта бизнесті жеңілдікпен несиелеуге – 100 млрд. теңге; 2) банк секторын жақсартуға – 250 млрд. теңге; 3) арнайы экономикалық аймақтарды дамытуға, атап айтсақ, «Қорғас шығыс қақпасы» мен Атырау және Тараз қалаларында «Ұлттық индустриялық мұнай химия технопарктерін» дамытуға 81 млрд. теңге; 4) ЭКСПО-2017 көрме кешенін несиелеуге бұрын бөлінген 25 млрд. теңгеден бөлек тағы да 40 млрд. теңге; 5) Астана әуежайын жаңғыртуға 29 млрд. теңге бөлінбек.

Бұған қоса, Елбасымыз өз Жолдауында 2015-2017 жылдар кезеңінде «Нұрлы жол» экономикалық даму жоспарына Ұлттық қордан жыл сайын 3 млрд. доллардан бөлінетінін жеткізді. Әсіресе, көлік-коммуникация саласын дамытуға ұлттық маңызға ие ерекше басымдық беріліп отыр. Кезінде, 1929-1933 жылдары АҚШ-та болған «Ұлы депрессия» кезеңінде осындай шешім қабылданған. «Ұлы депрессия» дағдарысы асқынып тұрған сәтте, 32-ші АҚШ президенті Франклин Делано Рузвельтхайуей (highway), яғни, жоғары жылдамдықпен жүруге мүмкіндік беретін даңғыл жолдар мен әлемде теңдесі жоқ көпірлер салуды қолға алғаны тарихтан белгілі. Бастапқыда президенттің бастамасын американдықтар дұрыс түсінбей, оның идеясы қатты сынға ұшыраған екен. Сол кездегі американдық қоғамда «Дағдарыс кезінде жол салғаны несі?» деген сұрақтар мен наразылықтар көп болыпты. Бірақ Ф. Рузвельттің Жаңа курсы (New Deal) өзінің дұрыс бағытты таңдағанын дәлелдеді, жол құрылысына миллиондаған американдықтар тартылып, жұмыссыздық деңгейі күрт төмендеді. Жол және көпір құрылысы экономика дамуына мультипликативтік әсер беріп, жол салуға экономиканың көптеген салалары тартылды, инфрақұрылым дамыды. Нәтижесінде, жалпы американдық жобаға айналған жол-көлік саласын дамыту ұлы экономикалық дағдарыстан шығуға игі ықпал етті. Сондықтан да, АҚШ та-

рихи тәжірибесінен сабақ алуымызға болады. Қандай жол болсын, темір жол ма, авто жолдар ма бәрібір, жол құрылысы – қаржы-қаражаттың тек қана ірі қалаларда шоғырланып қалуына жол бермейтін, ауыл-аймақтарды қамтитын, жалпы ұлттық құрылыс сипатына ие экономика саласы болып табылады. Бұл өте көп жұмыс қолын қажет ететін сала болғандықтан, мыңдаған қазақстандықты жұмыспен қамтып қана қоймай, қаржы ресурстарының ел аумағына біркелкі тарауына да кең мүмкіндіктер береді. Елбасымыз Астана мен ел өңірлерін қосатын «Нұрлы жолдың» құрылысын жүректен тараған қан тамырларымен салыстыруы тегін емес. Жол экономиканың күре тамыры. Жол мен көпір салу өзін-өзі толық ақтайтын әрі шарифаттағы сауапты да берекелі іс саналады.

Жаңа жолдауда Қазақстандағы толғағы жеткен өзекті проблемалар да өзінің шешімін табатыны айтылған: 1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға 200 млрд. теңге, қосымша қаржыландыру көздерінен 100 млрд. теңге; 2) 2015-2016 жылдарға жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 180 млрд. теңге; 3) мектептер салуға 70 млрд. теңге, балабақша құрылысына 20 млрд. теңге; 4) еліміздің он жоғары оқу орындарында ғылым мен өндірістің байланысын нығайтуға 10 млрд. теңге; 5) шағын және орта бизнесті дамытуға айқын басымдық беріп, жоғарыда көрсетілген сомадан бөлек, Азия даму банкі, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Әлемдік банкі сияқты қаржы институттарынан алынатын 155 млрд. теңге несие желісін тиімді пайдалану міндеті қойылып отыр.

Сонымен қатар, жолдау аясында Елбасы жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудың діңгегі болып табылатын Инфрақұрылымдық дамудың бесжылдық жоспарын жариялады. Бұл жоспарды жүзеге асыруға жүзден астам шетелдік компаниялар қатысуға ынта білдірген, нәтижесінде 6 триллион теңге инвестиция құйылмақ (оның 15 пайызы Қазақстан үлесі).

Ендігі мәселе – осы бөлінгелі отырған қыруар қаржы-қаражатты шашау шығармай, талан-таражға салмай жететін жеріне дейін жеткізу. Елбасымыз да жұмсалатын қаржының қайда кеткені қатаң қадағаланатынын, бір тиынына дейін қайда кеткені сұралатынын қадап тұрып айтты. «Нұр Отан» партиясы тарапынан қосымша бақылау жасалатыны көрсетілген. Осы жерде мынадай мәселеге назар аударғанымыз жөн сияқты: жолдауда көрсетілген мақсат-міндеттердің орындалуына, қаржы-қаражаттың орын-орнымен жұмсалыуына тек қана бір партия

жауапты деп түсінбеуіміз керек. Қазақстанның дамуы жаңғыз Елбасына, немесе, «Нұр Отан» партиясына ғана керек емес қой, дамыған отыз елдің қатарына кіріп, бақуатты өмір сүру барша қазақстандықтарға қажет. Сол үшін де, барлық азаматтық қоғам институттары тізе қосып, бүкіл халық болып қадағалауды үйренуіміз керек. Жолдауды жүзеге асыруға бөлінген орасан зор қаржы-қаражаттың іске жаратылуына жалпы халықтық бақылау жасалатын болса, береке де болады, жемқорлықты да ауыздықтай аламыз.

Жалпы, жаңа жолдауда жоспарланып отырған мақсат-міндеттерді іске асыру елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімге тікелей байланысты. Мұны Елбасымыз ерекше атап көрсетті. Әрбір қазақстандық азамат осы ақиқатты саналы түрде ұғынса ғана жұмылған жұдырықтай болып, «Біз – Қазақстан азаматымыз, қазақстандық халықпыз» деп, бірігіп іс-қимыл жасайды, бейбіт елде бірге өсіп-өнеді. Мемлекет халқының идентификациясы дұрыс болса ғана қоғамдық келісім

орнап, саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге болады. Яғни, ел азаматтары шығу тектерінің қандай екеніне қарамастан (ұлты, діні, жынысы, әлеуметтік жағдайы т.б.) өздерінің тағдырларын тұрып жатқан мемлекет пен сол мемлекеттің негізін қалап отырған төл (титұлды) ұлттың тағдырымен тікелей байланыстырып, азаматтық сана-сезіммен өзін өзі айқындауы тиіс. Егемендік пен мемлекеттілік сонда ғана нығаяды, ел халқында өзара сенімділік пен отаншылдық сезімі арта түседі. Қазіргі алмағайып заманда тар ұлттық мүддені ысырып қойып, жалпыұлттық мүддені, азаматтық сана-сезім мен халықтық ұстанымды, ұлттық идея мен мемлекетшіл идеологияны дамытқан ел ғана өзінің тәуелсіздігі мен егемендігін, территориялық тұтастығы мен конституциялық құрылысын сақтауға қабілетті. Халқының ауызбіршілігі бар, ынтымағы жарасқан бірегей ел ғана терроризм, экстремизм, агрессия, экспансия, ғаламдану, дағдарыс сияқты толып жатқан жаһандық сипаттағы қауіп-қатерлердің бәріне төтеп бере алады.

Әдебиеттер

- 1 Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1995. – С. 114 – 248 с.
- 2 Сталин И.В. Сочинения. – М.: Политиздат, 1952. Т.2. – 296-297 с.
- 3 Кушербаев К.Е. Этнополитика Казахстана: состояние и перспективы. – Алматы, 1996. – 584 с. – С. 15-21
- 4 Сартаев С. Қуатымыз – бірлікте // Егемен Қазақстан, 1992 жыл, 3 қазан. – 2 б.
- 5 Борбасов С.М. Посттоталитарлық Қазақстандағы ұлттық процестер және ұлт саясаты // Саяси ғылым. докт. ғ-и дәреж. алу үшін дайынд. дисс. – Алматы, 1999. – 129 б.
- 6 Абсаттаров Р.Б., Садықов Т.С. Воспитание культуры межнационального общения студентов. Теория и практика. – Алматы, 1999. – 212 с. – С. 91.
- 7 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы, 1999. – 296 с. – С. 21.
- 8 Романова Н.В. Этнополитические процессы в Республике Казахстан. – Алматы, 1998. – 68 с.
- 9 Большой энциклопедический словарь / под. ред. А.М. Прохорова. – М.: Советская энциклопедия, 1991. – С. 823.
- 10 Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы, 1996. – 288 с. – С. 125-126.
- 11 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2014 жылғы 12 қараша. – 1 б.

References

- 1 Absattarov R.B. Nacional'nye processy: osobennosti i problemy. –Almaty: Fylym, 1995. – S. 114 – 248 s.
- 2 Stalin I.V. Sochinenija. – М.: Politizdat, 1952. T.2. – 296-297 s.
- 3 Kuserbaev K.E. Jetnopolitika Kazahstana: sostojanie i perspektivy. –Almaty, 1996. – 584 s. – S. 15-21
- 4 Sartayev S. Quatymyz – birlikte // Egemen Qazaqstan, 1992 zhyl, 3 qazan. – 2 b.
- 5 Borbasov S.M. Posttotalitarlyk Qazaqstandaғы ұлттық процестер және ұлт sajasaty // Sajasi fylym. dokt. ғ-и дәреж. alu yshin dajynd. diss. – Almaty, 1999. – 129 b.
- 6 Absattarov R.B., Sadykov T.S. Vospitanie kul'tury mezhnacional'nogo obshhenija studentov. Teorija i praktika. – Almaty, 1999. – 212 s. – S. 91.
- 7 Nazarbaev N.A. V potoke istorii. – Almaty, 1999. – 296 s. – S. 21.
- 8 Romanova N.V. Jetnopoliticheskie processy v Respublike Kazahstan. –Almaty, 1998. – 68 s.
- 9 Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar' / pod. red. A.M. Prohorova. – М.: Sovetskaja jenciklopedija, 1991. – S. 823.
- 10 Nazarbaev N.A. Na poroge NHI veka. – Almaty, 1996. – 288 s. – S. 125-126.
- 11 ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Nұрly zhol – bolashakqa bastar zhol» Zholdauy // Egemen Qazaqstan. 2014 zhylғы 12 qarasha. – 1 b.